



БҰЙРЫҚ

7.09.2021

Есбол селосы

ПРИКАЗ

№ 98

село Есбол

Білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағытын және жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органдарын құру туралы

Есбол орта мектебінің 03.08.2021 жылғы №81 бұйрығындағы комиссия мүшелерінің және оқушы тізімінің өзгеруіне байланысты толықтырулар енгізе отырып, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 бабының 4 тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» №64 Қаулысын және де аталған қаулы негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы «Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы» №1032 қаулысын (АӘК (атаулы әлеуметтік кепілдендірілген топтама) алатын отбасылары қатарындағы 6-18 жасқа дейінгі балаларға кепілді берілген әлеуметтік топтамамен қамту жұмыстарын өз деңгейінде және уақытылы атқару) басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатын тағайындау үшін жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органы келісім бойынша қосымшаға сай құрылсын. (Қосымша №1)

000098

2. Ата-аналардың немесе олардың заңды өкілдерінен өтініспен қоса растау құжаттары қоса берілген қосымшаға сай қабылдансын. (Қосымша №2)
3. Алқалы орган жеке тұлғалардан келіп түскен өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қарау жұмыстарын жүргізсін.
4. Мектептің есепшісі, А.Құлбарақова комиссия мүшесі жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны мемлекеттік саты алу жүйесінде ойнату жұмыстарын жүргізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директорының
уақытша міндетін атқарушы**



Е.Козыкешов

Есбол орта мектебінің
№ 98 санды 7 қыркүйек 2021 жылғы



Білім алушыларға қаржылай және метариалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағытын және жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органдарының құрамы:

Алқалы басқару органдарының төрайымы

Мектеп директоры у.м.а Е.Козыкешов, комиссия төрағасы;

Алқалы басқару органдарының хатшысы

Мектептің әлеуметтік педагог маманы А.Төреғалиева, мүшесі;

Алқалы басқару органдарының мүшелері

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Мусаева, мүшесі;

Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Г.Мендигалиева, мүшесі;

Мектептің есепшісі А.Құлбарақова, мүшесі;

Мектептің ата-аналар қоғамдық кеңесінің төрайымы А.Есенаманова мүшесі;

Қамқоршылық кеңестің төрайымы М.Жакиев, мүшесі;

Мектеп кітапханасышы Ш.Сабырбаева, мүшесі.

Есбол орта мектебінің
№98 санды 7 қыркүйек 2021 жылғы



бұйрығына қосымша №2
Мектеп директорының
уақытша міндетін атқарушы
Е.Козыкешов

Ата-аналардың немесе олардың заңды өкілдерінен өтінішпен қоса қабылданатын
растау құжаттарының тізімі:

1.Төменде көрсетілген санаттағы тұлғалар үшін өтініш иесінің (отбасының)
жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек
алушыларға тиесілігін растайтын анықтама;

1.1.Мемлекеттік атаулы көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан
балаларға;

1.2.Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы
табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан
балаларға;

1.3.Жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған патронаттық
тәрбиедегі отбасыларда тұратын балаларға;

1.4.Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін
отбасылардан шыққан балаларға;

1.5.Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар
мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі - білім алушылар мен
тәрбиеленушілер) (қаржылай және материалдық көмек көрсетуден бөлінетін
қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды),

2.Табыс туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе олардың
орнындағы адамдардың жалақысын, кәсіпкерлік және өзге де қызмет түрлерінен
түсетін табыс, балаларға және асырауындағы өзге де адамдарға алимент түріндегі
табыс);

3.Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасында
тәрбиеленетін балалар үшін қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронатты
тәрбиелеуді бекіту туралы аудан әкімінің шешімі;

4.Қажеттілік туындаған жағдайда алқалы орган отбасының материалдық-
тұрмыстық жағдайын тексеріп-қарау жұмысын жүргізеді:

5.Көрсетілген санаттарға қаржылай және материалдық көмек көрсету туралы
шешім қабылдау үшін алқалы орган қажет болған жағдайда қажетті құжаттарды
сұратады:

6.Жеке тұлғалардан өтініш (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы
25 қаңтардағы №64 Қаулысына қосымша өтініш үлгісі негізінде)

Есбол орта мектебі бойынша жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан қаралған қаржыны бөлу жөнінде, көмек қажет ететін оқушыларды анықтап беру туралы құрылған комиссия мәжілісінің

№2 ХАТТАМАСЫ

2021 жылы 7 қыркүйек күні Есбол орта мектебінде 2020-2021 оқу жылында міндетті оқу қорынан қаржы бөлу туралы құрылған комиссияның мәжілісі болып өтті.

Күн тәртібінде:

Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны ата-аналардың өтініші бойынша, көмек көрсету мақсатында әлеуметтік жағынан жартылай жетім, аз қамтылған және көп балалы жанұя балаларына қаржы бөлінді және көмек көрсетіліп жатыр, дегенмен оқушылардың тізімінде өзгерістер болғандықтан екінші мәрте жиналыс өткізіліп отыр.

Тыңдалды:

Мектеп директоры: Е.Козыкешов-комиссия төрағасы

Білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағытын және жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органдарын құру туралы 07.09.2021 ж №98 бұйрығы шығарылып, алқалы басқару органдарының мүшелеріне таныстырылды. Біздің мақсатымыз: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 бабының 4 тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» №64 Қаулысын басшылыққа аламыз.

Әлеуметтік педагог-А.Төреғалиева. - Міндетті оқу қорынан қаралған қаржыны бөлу мақсатында ата-аналардан түскен өтініштерімен таныстырды. Мектеп бойынша 17 отбасының құжаты қабылданды. 17 отбасыда 46 оқушы болатын. Дегенмен осы оқушылардың ішінен 3 оқушы тоғызыншы сынып бітіріп оқу орнына түсіп кетуіне байланысты өзгерістер орын алып отыр. Оқу орнына түсіп кеткен оқушыларымызды көмекпен қамтымаймыз. Оқу құрал және сумка келді, таратып бастап жатырмын. Ендігі мәселе сол оқушыларымыздың орнына үш оқушы тауып, санын қырық алтыға жеткізу. Сол себепті күнкөріс деңгейі төмен 2 отбасы өз

өтініштерін білдірді. Бұл екі отбасыда көмекті қажет етеді. Осы отбасылар туралы өз ойларыңызды айта отырсаңыздар.

Сөз сөйлеу

А.Мусаева – оқу ісі жөніндегі орынбасары- әлеуметтік педагог бәрін түсінікті етіп жеткізді деп ойлаймын және де ортаға салып отырған отбасыларымыздың күнкөріс деңгейі шамадан төмеен болып отырса көмектесуіміз дұрыс деп білемін.

А.Құлбарақова – мектеп есепшісі:

Қабылданған құжаттар бойынша бала санын анықтап шықтық. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты көптеген отбасылар жұмыссыз қалып, отбасы саны артып отырғаның байқадық. Құжаттарды саралай келе 18 отбасының мектеп жасындағы 46 баласы анықталды, әр балаға сумка, оқу құрал және спорттық киім алынады.

Сөйлеу тоқтатылды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып өтініш иелерін қанағаттандырып төмендегідей қаулы етеді.

Қаулы:


- 1.Төмендегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы толық емес жанұялардың балаларына міндетті оқу қорынан көмек көрсетілсін (тізімі жалғанды).
- 2.Осы қаулының орындалуын қадағалау әлеуметтік педагог А.Төреғалиеваға жүктелсін.

Оқушылардың тізімі жалғанды

Комиссия төрағасы:

Мүшелері:

Хатшы:



Е.Козыкешов

А.Мусаева

Г.Мендигалиева

А.Кулбаракова

А.Есенаманова

М.Жакиев

Ш.Сабырбаева

А.Төреғалиева